



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Западно-Казахстанская область

1. Булюкбаева Аружан	2
2. Елеусинова Альбина.....	5
3. Мақсотова Айжан	8
4. Погодаев Даниил.....	12
5. Утарова Іңкәрім	13
6. Файзуллина Казна	16
7. Хайреденова Зарина	18

Булюкбаева Аружан
8-сынып , №8 Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған облыстық мектеп, БҚО, Орал қ.,
Жетекші: Джумашева Гайша Мутиевна

Болашағы жарқын Тәуелсіз елім

Тұғырымыз –тыныштық,
тірегіміз-тұрақтылық,
тілегіміз-татулық болса
еліміз тарих төрінен табылады
Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әр жыл басында өз халқына сөз арнап, жолдама жасайды. Ол теледидар, баспасөзде кеңінен жарияланады, халқымыздың талдауына түседі. Өйткені, оның сөзінде Қазақстан халқының әл –ауқатын көтерудің, мәдениеті мен тұрмысын жақсартудың мәселелері кеңінен айтылады. Жолдамада барлық мәселелердің ішінде мені қызықтырған нәрсе – қазақ елін, оның тілін мәңгілікке жеткізуге ұмтылу, оны жүзеге асырудың жайы. Осымен байланысты Қазақстан даму тарихынан өзім білетін жайларды шолып шықтым. Біздің ата-бабаларымыз осы аймақта басқа да тайпалармен бірге өмір сүрген. Төрт түлік мал өсіріп, кең далада бағып, күн көрген. Тарихтан белгілі моңғол шапқыншылығы кезінде, олар біздің жерімізді, елімізді тапап өтіп, орыс жерлерін үш ғасыр бағынышта ұстаған. Сөйтіп, біздің мәдениетіміз бен тұрмыс жағдайымыздың дамуына нұқсан келтірген. Ақыры жаугершілікпен келген моңғолдар өзгенің жаугершілігінен жойылып кеткен. Осыдан кейін бұрынғы сақтар, қыпшақтар өз мекенжайларында қайтадан ел болған. Ертегілер мен дастандардан бізге белгілі болған батырлардың, хандардың істері- осы қазақ елінің біртұтас қалыптасуын бейнелейді.

Бүгінде халық аузында «Білектің күшімен, найзаның ұшымен» иемделіп келген қазақ елінің бүгінгі жер- аймағы қатарлас елдердің арасында көлемі жағынан 9-орын алады. Олардың арқасында қазір Жайық, Ертіс, Іле, Каспий, Арал сияқты өзен–көлдеріміз бар. Биіктігі мен сәнділігі жөнінен дүниежүзілік тауларынан қалыспайтын Алатауымыз да бар. Көп жылдары Ресейдің қарауында болған еліміз алғаш рет қырғын–соғыссыз, ұтымды саясаттың арқасында, бейбітшілікпен Тәуелсіздікке

ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан

келді. Ол – тұңғыш Президентіміздің көрегендік саясаты деп халық есептейді. Осының арқасында еліміздің шекарасы белгіленді. Отанымыздың Әнұраны, Елтаңбасы, Туы бар. Тұңғыш валютасы – теңгесі бар. Бұларсыз басқа мемлекеттер біздің елімізді танымас еді.

Бір кезде мал шаруашылығымен айналысқан «көшпенділер» деген атақ алған ел, бүгінде өзі автомобиль, тепловоздар, вагондар шығарып, шетелге сатады. Халқымыздың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін, жер байлықтары: мұнай, газ -халық игілігіне жұмсалады және сатылады. Соның арқасында елімізде көптеген мектептер, ауруханалар, мәдениет ғимараттары салынды. Тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, адамдарымыз сәулетті көп қабатты пәтерлерге тұруға қолдары жетті.

Президентіміздің жүргізген оңтайлы саясаты елдің мәдениеті мен экономикасын көтеріп қойған жоқ, дүниежүзіндегі беделімізді көтерді. Ең алдымен, осы заманның жойқын қаруы - атом бомбалары мен ракеталарынан бас тартты, дүниежүзілік халықтарына осылай істеуге ұран тастады, дүниежүзілік халқы толық қуаттады.

Сондай-ақ, 2017 жылы Астанада EXPO-17 өтетін болды. Бұның мәнісі- жер қойнауындағы энергия көздері қанша көп болса да таусылатыны белгілі. Сол кезде халыққа ең арзан және таусылмайтын энергия көздері – күн сәулесі, жел, атом энергиясын пайдаланудың жаңа құралдары мен тәсілдері осында жинақталып, таныстырылады. Айтуларыңша, екі миллионға тарта адам келеді.

Бағдарламаға сәйкес, еліміздің экономикасы мен мәдениеті 50-ші жылдары дүниежүзіндегі 30 мемлекеттің қатарына жету керек.

Осындай байлығы бар, даму қарқыны үлкен біздің Елдің мәңгілік болатынына мен әбден сенемін.

Осындай Елдің тілі де мәңгілік болмауы мүмкін емес. Қазақтың тілі- бай, көркем, тұрмысына лайықты дамыған тіл.

Жалғыз музыкалық аспабы-домбырамен ғана қазақ музыкасын дүниежүзіне таныта білген Құрманғазы атамыз бен Дина шешемізді мен Бетховен, Моцарт, Шестакович және басқа Еуропа музыканттарынан артық болмаса, кем көрмеймін. Скрипкашы-Айман Мусаходжаева әлем музыканты деген атақ алған адам.

Жаңа заманда жаңа дәстүрлер қалыптасуда, соған қарай тіліміз де дами түсуде. Дамыған елдерде ағылшын тілін «Шекспир тілі» деп, орыс тілін «Пушкиннің тілі» деп дәріптейді. Ал, сондай дәрежеде біз қазақ

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

тілін «Абайдың тілі» деп айта аламыз. Біздің елімізде әр халықтың өз тілінде сойлеп, оқуына мүмкіндік берілген. Мұндай елдер көп емес.

Мен оқитын мектепте қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тереңдетіп оқытады. Мектепті бітіргенде, түлектеріміз үш тілді біліп, үш ұлттың мәдениетімен танысады. Бұл-өмір талабы. Бізде дамыған елдердің тауарлары көп әкелінеді. Солардың нұсқаулықтары үш немесе екі тілде жазылады, әсіресе қазақ тілінде міндетті түрде жазылады. Республикамызда қазақ тілін білуге деген құштарлық өсіп келеді. Мемлекеттік тіліміздің болашағы үшін әрбір азамат жауапты. Тіліміздің байлығы - әдеби шығармалар, Абайдан бастап кітапханаларда сақталған. Бұл –зор әдеби мұра.

Мәңгілік Елімізге мәңгілік Тіліміз сай келеді. Президентіміздің нұсқауы дұрыс деп білемін. Қазақстанның болашағы жарқын екеніне отандастарымның риясыз сенетінін білемін. Еліміздің алдағы кезеңі қазіргіден де жарқын болатынына ешқандай күмәнім жоқ, себебі өзінің болашағына сенген елдің сенімі ешқашан алдаған емес.

Елеусинова Альбина
11 сынып, Шапов ЖОББМ
БҚО, Зеленов ауданы, Шапов ауылы
Жетекші: Тлеккабулова Багдат Таскалиевна

Тарих салып берген жол...

Менің туған өлкем – Қазақстан. Қазақстан жері -тарихқа да, мәдениетке де, салт- дәстүр мен ғұрыпқа да, ұлт пен ұлысқа да бай көне ежелгі мекен. Бұл жердің әрбір тау-тасы да тұнып тұрған тарих. Еліміз сонау ғасырдан Керей мен Жәнібектің хандығынан бастау алып, қазіргі тәуелсіз мемлекетімізге дейінгі аралықта жетіліп, өркендеген алпауыт мемлекет.

Егемен еліміздің тәуелсіздігі – ата – бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Ежелден еркіндік аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің жиырма бес жылын тойламақ. Тәуелсіздік атты қасиетті ұғымның тереңіне үңілсек, ата – бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл арманы мен мұратын, азаттық жолында құрбан болған талай боздақтың ұрпаққа қалдырған аманатын жүрегімізбен бойлаймыз.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың он алтыншы желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялады. Қазақ халқы үшін ақ түйенің қарны жарылған мерейлі күннен бері жиырма бес жылдан аса уақыт өтті. Тарих үшін жиырма бес жыл көп емес. Ал біздің жас мемлекетіміз үшін бұл жылдар елімізді нығайтуға бағытталған үлкен істерге толы болды. Осы аз уақыт ішінде дүние жүзі Қазақстан елінің тәуелсіздігін мойындады. Еліміз әлемдік қауымдастыққа, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданды. Әр азаматын жігерлендіретін Әнұранымыз, мақтаныш сезім ұялататын Елтаңбамыз, ерлікке жетелейтін Туымыз, экономикалық дербестігімізді танытатын төл теңгеміз бар. Әлем картасындағы «Қазақстан Республикасы» деген атау еліміздің әр азаматының төл құжаты іспеттес. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзіндегі барлық елдерге түгел дерлік танылды. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, салт – дәстүрдің, ұлттық сананың тірегі. Тәуелсіздік – орындалған арман.

Қазақ халқы ежелден – ақ үш нәрсені қасиет тұтып өтіпті. Соның бірі Отан мен туған жер екен. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжолов:

Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далада жылап келіп, уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

– деп, Отанға деген жүрек тебіренісін жырға қосып жеткізген. Ақын жырлағандай, менің қасиетті Отаным – Қазақстан Республикасы.

Қазақ халқының қат – қабат тарихының басты мазмұны – азаттық үшін күрес. Елдік пен бостандық үшін күресінің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі желтоқсанға дейін сан ғасырлық шежіресі бар. Ата – бабаларымыз өзінің жанқиярлық пен табандылық күресінің арқасында бірлік – берекесін сақтап қана қоймай, он бесінші ғасырда Қазақ хандығын құруға дәнекер болды. Тамыры тереңде жатқан, ұлан – ғайыр жерімізге көз алартып, сұқтанғандардан ата – бабаларымыз сол жерді қорғап, ұрпақтарына қалдыру үшін бүкіл ғұмырын сарп етті. Ата қоныс үшін, азаттық үшін небір сұрапыл шайқастар өтті. Дербестік үшін күрескен талай боздақтардың жаны қыршыннан қиылды...

Атамекеніміз бізге ата–бабаларымыздан қалған аманат!

Міне, бүгінде біз болашаққа деген жарқын сеніммен алға қарай нық қадам басып келеміз. Бізді бұл бақытқа жеткізген ата – бабаларымыздың, аяулы арыстарымыздың еркіндік үшін күресте төгілген қаны, солардың жанқиярлық ерлігі!

Мен қазақтың, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым өмірге, қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім

– деп Жұбан ақын жырлағандай, біз мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымыз!

Бүгінгі таңда егеменді елде туған әрбір қазақстандықтардың өмірі бақытқа толы деп ойлаймын. Бұған елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың да қосқан үлесі зор. 25 жыл бойы ел басқарған президентіміздің тарих салып берген жолды жалғастырып келе жатқаны бәрімізге мәлім. Елбасымыз барша қазақстандықтарға үміт арқайды. Әсіресе, “Ел тағдыры жастардың қолында” деген насихатты сөзі әлі де ел жадында.

Біздер қазақ деген текті халықтың ұрпағы болғандықтан, қазақ дейтін мәңгі атымызды сақтап қалуымыз қажет. Қазақтар әрқашан бір-біріне қамқор, кішіпейіл, тату әрі ынтымағы жарасқан ел болып қала берсе, болашақта да бізді жалғастырап ұрпақтың ешқашан өшпейтіні анық.

Мен – қазақ, қазақтың деп мақтанамын,
Ұранға Алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім – қазақ,
Мен неге қазақтыңтан сақтанамын?

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Біз, қазақстандықтар, еліміздің ертеңі мен бүгінгісін жалғастырар, жерімізді әлемге танытар, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді сақтап қалар жалғыз ғана Қазақстанның ұландарымыз. Сондықтан да, ешқашан да бірлігімізді, елдігімізді жоғалтпайық! Көк туымыз әрқашан биіктен көтеріле берсін! Тарихымызды құрметтеп, тәуелсіздігімізді сақтап қалу тек біздің ғана қолымызда!

Мақсотова Айжан

**Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, Ұялы ауылы
ІІІ. Жексенбаев атындағы ЖОББМББ-ның 10-сынып оқушысы
Жетекшісі: Садыкова Гүлжан Маратқызы**

Тәуелсіздік-қазағымның сан ғасырлық арманы

Тәуелсіздік – халқымыздың бостандығы мен
дербес даму жолындағы санғасырлық күрес нәтижесі.
Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіздік!

Неткен керемет, шуақты ұғым! Осы бір сөз жаныңа жүрегіңнен де
жақын, от жалынынан да ыстық, Алатаудан да асқақ, мұхиттан да терең
сезіледі.

Мына бір көрініске көз жүгіртіп қараңызшы...Аспанмен таласқан
ұшар басы сұлудың сәукелесіндей әдемі, аппақ қармен көмкерілген,
қарақұсты көздеген мергеннің жебесіндей көкке тіке шаншылып, көкжиекке
кеудесін тіреген асқар,алып шыңдар,тау төсін тауысша түрлендірген,сұлудың
кірпігіндей кербез шыршалар, қыз-бозбала күлкісіндей сыңғырлай аққан
бұлақтар,әсем әнімен жаныңды тербететұғын самал жел,сағымдай мұнартқан
шөлдер.

Дүние жүзінде мыңнан астам халық өмір сүруде.Олардың өзіндік
халық болып қалыптасу тарихы да бар. Атырау-Алтай арасын, Алатау-Арқа
даласын, ана сүтін арда емген, ақпейіл қазақ баласы ықылым заманнан ата
жұрттың киесі қонып, осы даланың иесі болып келеді. Қазақ қазақ болғалы
нені бастан кешпеді, жалындаған намысына су бүрікті-өшпеді, қылбұрау сап
шыңғыртты, сағыңды талай сындыртты. Біз тақымымызға бір тисе деп арман
еткен тұлпардың қолымызға ер-тұрмансыз,ноқта-жүгенсіз түсіп,жанына ғана
жалаң қолмен жармасқанымызды ұмытпақ емеспіз. Жұмыр жердің тыныс-
тіршілігін, оның тағдырын, асылы мен жасығын тарих таразысына салып,
зерделеген-ұлы көне өмір көші.Осы көштің қарға тамырлы қазақ халқының
қатпар-қатпар тарих қойнауына көз жүгіртсең, шулы ғасырдың, жұмыр
басты пенденің шақшадай басын шарадай етіп, шаршы топты шырғалаңға
тартқан шағында, етегін жаспен жуған қасіреті де, шаттанып күлген
қуанышы да жеткілікті сияқты.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Бұл сонау XVIII ғасыр белесінің халқымыздың ортасын
бұзып,шаңырағын шайқалтқан Жоңғар қиыншылығы «Ақтабан шұбырынды,
Алқакөл сұлама» зұлматы еді. Былай барсаң,қоқан бар,

Салмақ салып қоқандар.
Былай барсаң,қалмақ бар,
Күшінді еппен алмақ бар.
Былай барсаң,қытай бар,
Жапырағынды бұтай бар.
Былай барсаң,орыс бар,
Бала берсең қоныс бар,

- деп жырау-бабаларымыз айтқандай осы тұстың ащы шындығы еді.Бағымызға қарай қазақ батырлары жауға қарсы күрес жүргізді. Қазақ халқының өз бостандығы жолында Абылай бабам бастаған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай,Шапырашты Наурызбай үдере көшіп қансыраған жұрттың, жаралы Жер-Ананың емшісіне айналды.Елдің айрандай ұйыған тыныштығын, бірлігін көздеген,қара қылды қақ жарған Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды билеріміз жүзді басқарып,елге бағыт-бағдар берді.

Одан кейін тағы да аласапыран шақ. Көзге түртсе көргісіз соқыр тұман басқан күндер туды.Қазақ халқы патша үкіметіне тәуелді болды. Жетпіс жыл боданда болдық. Әділет жүйелері бұзылып,сталинизм қылышынан қан тамған кезеңде елім талай боздақтарынан айырылып, солақай саясат «халқым» деген ерлердің мойнына қыл бұрау салды. Сәкен, Ілияс, Бейімбет секілді ұлтымыздың зиялылары жалындап келе жатқан шағында үзілді...

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде «Бізге шегінуге жол жоқ,артымызда Мәскеу!» деп ұран тастап, өз елін қорғап қалған батырларымыз қаншама?!

Тарихымның парағында алтын әріппен жазылған «бас кеспек болса да,тіл кеспек жоқ» деп, кешегі колбинизм заманында жастарымыз алаңға шығып,ызғары ерте түскен қыс күндерінде,тоқырау ажалының табанында

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

аяусыз тапталған ар-намыстың ышқынған дауысы дүниені дүр сілкіндірді. Елімізге бақыт таңын әкелген асыл боздақтар, қаракөз әпкелеріміз бен ержүрек қайсар ағаларымыз – Ләззәт, Қайрат, Сәбира және Ерболдардың ерлігі болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге болды.

Иә, «мың өліп, мың тірілген» қайран халқымның жатса түсінен, тұрса есінен кетпеген арманы – тәуелсіздік! Желтоқсан оқиғасы, шын мәнінде, қазақтың ұлт тәуелсіздігі үшін ең соңғы күресі еді. Қанқұйлы сұрапыл соғыс, тәуелсіздік үшін күрес еліміздің бар құндылығы – тіліміз бен дінімізді сақтап қалу жолында талай қилы-қилы ауыр кезеңдерді басынан өткізді.

Қайсарлығы қара тасты үгіткен,
Қаһарынан қас дұшпаны үріккен.

Қайырымдылығы тас жүректі жібіткен, арғы тегі Алаштан тараған, керегесін ағаштан құраған еліміз өз дербестігін әлемге паш еткенде, тұғырлы тәуелсіздігіміздің тірегі Ата Заңын алдымен өмірге әкелді. Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тілі өз топырағында қағажу көрмей, ауыз ашқан сөзге, қия басқан қимылға емін-еркін араласатын ең елгезек, ең ұрымтал тіл ретінде жаңғырды. Егемендігіміздің айғағы – аспан түстес азат Байрағым, Елтаңбам, Әнұраным дүниеге келді. Бұл қол жетпес дүниеміздің – озық үлгідегі ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпы екені рас.

Егеменді еліміздің тізгінін ұстау-қазақтың топырағынан жаратылған дана да, дара көсбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бұйырды. Халқының артқан сенімін арқалап, болашағының жарқын болуы жолында аянбай тер төккен Елбасымыз бар құндылықтарымызды мемлекеттік маңыздыларымыз ретінде қайта жаңғыртты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ елінің үш маңызды құндылығы: «Бабаларымыз ғасырлар бойы қорғаштап, сақтаған қасиетті туған жеріміз – бірінші құндылығымыз. Бұл жер жүзден астам этностарды құшақ жая қарсы алып, олар тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Екінші құндылық – бұл Тәуелсіздігіміз бен азаттығымыз. Ол өз тағдырымызды өзіміз шешуге және жауапты болуға құқық береді. Үшіншісі – бұл халықтың бірлігі, туған Отанымызды өркендету жолындағы бейбітшілік пен келісім» деген болатын өз сөзінде. Көреген Елбасының нақты қадамдары мен сарабал саясатының арқасында біз, ынтымағы жарасқан бейбіт күннің аспанында қыраны еркін қалықтаған «Мәңгілік елге» айналдық. Бұл-біздің басты байлығымыз және құндылығымыз.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Тамыры терең, рухы тас жарып шықты қайтадан, даламды тербеп байтақ
үн, оянып қайта ой-санам, арылып алаң күдіктен, болашаққа үмітпен қарап,
өмір атты айдында өрге жүзіп кемеміз, қарқындап өсіп келеміз! Өйткені
біздің еліміз кешегі бабаларымыз табыстаған, сәт сайын, сағат сайын
қарыштаған Тәуелсіз Қазақстан!

Погодаев Даниил

4-сынып, №8 Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған облыстық мектеп , БҚО, Орал қ.,
Жетекші: Джумашева Гайша Мутиевна

Менің Қазақстаным

Менің бір ғана Отаным бар.
Ол -тәуелсіз Қазақстан.

Ата-бабаларымыз көп жылдар бойы тәуелсіз ел болуды армандады. Бөгенбай батыр, Райымбек батыр, Қабанбай батырларымыз осы тәуелсіздік үшін күресті. Біздің бақытты өміріміз үшін өздерін аямай шайқасты.

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан елі Тәуелсіздік алды. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Ол Қазақстанда тұратын барлық халықтардың жағдайын жақсартады. Өз рәміздеріміз, ұлттық валютамыз пайда болды. Олардың әрқайсысы еліміздің бірлігін, татулығын, еркіндігін бейнелейді. Менің Отаным көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда тұратын әр адам өз тілінде сөйлей алады. Ал мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып жарияланды. Мен қазақ тілінде сөйлеймін. Мемлекеттік тіл – менің тілім.

Қазақстанның ең басты мақтанышы ол өз астанасы – Астана. Аз уақыттың ішінде көркейіп, ғажап қалалардың біріне айналды.

Мен – отаншылмын. Мен өз елімді сүйемін, себебі мен тамаша, бейбітсүйгіш, бай, көп ұлтты Қазақстанда тудым, өстім және оқып жүрмін. Менің ата-анам да осында еңбек етеді. Мен Қазақстанның азаматы екенімді мақтан тұтамын. Бұл кең байтақ- менің елім, менің Отаным!

Гулдене бер, Қазақстан!

Утарова Іңкәрім

Мекені: БҚО Теректі ауданы, Талпын ауылы

9-сынып Талпын ЖОББ мектебі

Жетекшісі: Уразғалиева Ботакөз Бекежановна

Туған елім – тірегім!

Н.Назарбаев

Атамекен – халқымыздың ерте заманнан бері мекендеп, суын ішіп, өсіп-өніп, өмір сүріп келе жатқан кең байтақ жері. Атамекен дегенде алдымызға айдын шалқар көлдері мен мөлдір бастау қайнарлары, сарқырай аққан тасқынды өзендері, алып таулары мен жасыл желек жамылған сыңсыған орман-тоғайлар, кең байтақ, ұлан-ғайыр далалар келеді. Бұл жердің тарихы – Қазақстан тарихы. Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір адамзат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» деген аталы сөз келтірген. Қазақ халқының өткен тарихы – ата-бабамыздың бостандық пен бақытты болашақ жолындағы ұзақ та ауыр күресінің тарихы. Отансүйгіштік – адамның өзінің туып-өскен өлкесіне деген сүйіспеншілігімен қоса, үлкен достық жанұя құрайтын жүзден астам ұлттар мен ұлыстар мекендеп отырған біздің ұлан-байта Отанымызға деген сүйіспеншілік. Қазақстан Республикасының азаматымын деп сезініп, Қазақстан Республикасының азаматы болуды өзімізге тиген зор бақыт және үлкен жауапкершілік деп түсінеміз. Біз осы ұлан байтақ жерде, осы мекенде туғанымызға шын мәнінде де бақыттымыз. Себебі біздер қазақы иісі аңқыған Бейбарыстың, жырлары жалын атқан өр Махамбеттің, қазақта дана да, дара болып кеткен асыл Абайдай ұлылардың ұрпағы емеспіз бе? Қазақ жерінде туып, қазақ жерінде өсіп-өніп өркендеп отырған әрбір өскелеңнің жүрегі «Менің елім - Қазақстан» деп соғуы тиіс деп білеміз. Ендеше, асыл елім, кіндік қаным тамған жерім, жүргіміз тек сен деп соғады. Имандылық пен парасаттылыққа, адамгершілік пен ізгілікке толы жанымызды, жүрегімізді таңғы шықтай таза ұстап, еліміз үшін адал еңбек етейік дегім келеді. Бүгінгі ұрпақтың тыныш өмір сүріп отырғаны, Алланың маңдайын жарқыратып халқына берген Нұрсұлтандай патшамыздың арқасында екенін айқын білеміз. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

сүюге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы"-дегенеді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", " патриотизм", ұғымдары сол заманның ақиқаты - наным – сенімінен туындайды. Мен өз елімнің шын мәніндегі патриоты болуға лайықпын деп сеніммен айтқым келеді.

Тәуелсіз қазағым, Адымда тек алға.
Тіліңд қадірлеп, Жеріңді сен қорға.
Көк туың желбіреп, Гүлдерің жайқалсын.
Көңілің бөленсін, Нұрлы ақ шуаққа.
Тәңірім сыйласын, Тыныштық қазаққа.

Біз бүгінг ұрпақ ертеңгі өз еліміздің көк байрағын көкке көтеретін азаматтар мен азаматшалармыз. Еңселі еліміздің мәртебесі биік және өзге дамыған елдердің қатарында иық тіресіп тұратындай дәрежеге жетуі үшін де біздің сіңірет еңбегіміз зор екендігін жақсы түсінеміз. Елімізге деген шынайы сүйіспендік пен нағыз ұлтжандылықты біздер мектеп қабырғасынан, отбасынан жүрегімізге ұялатып өсіп-өніп келеміз. Ата-бабаларымыз келер ұрпақты біздің ертеңіміз, болашағымыз дептүсінген. Жаман туған бар болса, жаман жолда көп болса, жазаны содан көрерсіз деп ашына айтқан сөздері осының айғағы. «Егдеге - ізет, жасқа-жол» немесе «Кәріге құрмет, балаға - міндет» деп тәрбиенің ұшығын осылай бастаған. Қыранның түлегі қияға ұмтылар болар, биікке самғар болар. Қауымда өмір сүрген адам қоғамнан тыс қала алмайды. «Ер жігіт үйінен шықса, үйіріне қосылады». «Көптік қайда болса, тоқтық сонда». Не көрсең де еліңмен бірге көр деген халық сөздерінен ұрпағын жасынан ынтымаққа,бауырмалдыққа тәрбиелегенін көреміз. «Атадан жақсы ұл туса,елінің қамын жейді, атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді». Әр азаматтың аяулы борышы-туған елін, туған жерін адалдықпенсүю. Өз елінің нағыз ұлтжанды азаматы болу. «Жақсының көкірегі – елге қалқан» ендеше, елшіл, отаншыл, білімді ұрпақ болып шығу басты міндетіміз. Өттең қолдарындағы телефондарына үңілген ұрпақты көргенде, еріксіз басынды шайқап, жүрегің сыздайды. Айналаға көз салмай, жан-жақты ойланбай, тереңге бармай мәңгүрт кете ме дейсің. «Түзелмеген кате жанды жейді». Қазір ескермесек, кеш болады. Ертең зықынды шығарады, . Қателігін дер кезінде сезінген азамат – қайраткердің өзі. Өзін – өзі аяғыш, жалтақтың бәрі әлжуаз, қолынан келері шамалы қорлар болып шықпай ма? Білместіктің Елді сүю ердің сөзінен ғана емес, қайрат-жігерінен

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

көрінсе керек-ті. Бейбіт күнде еңбегімен елін сүйсіндірерлік нағыз ұлтжанды азаматқа тән қасиеттері бар ұрпақ болып тәрбиеленсек, міне нағыз еңселі еліміздің азаматтары болып шығарымыз анық. Жалғанның жартысындай жалпақ сахарасын қазақ халқы жеріне қамал-қорғандар тұрғызбай-ақ ғасырлар бойында кеудесімен қорғаған қаһармандығы сөз жоқ толқын-толқын боп кезектесіп өскен жас буынды ерлікке, батырлыққа, азаматтыққа, отансүйгіштікке ерте баулып дайындағанның нәтижесі болмады ма? Қоян мінез қорқақтық пен опасыз сатқындықты ата-бабаларымыз өлтіре шенеген. Халқымыз қуыс кеуделерді ілтипатқа ешқашан алған емес.

Халқымыз осы пікірд әрдайым ұрпағына қатаң ескертіп отырған. Сондықтан дәл бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың санасына ата-баба ізі мен жақсы қасиеттерін үнемі алға тартып, ошақ басынан отансүйгіштікке тәрбиеленгеніміз жөн. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» дегеннің өзі де азаматтық қасиеттерге баулып отырған жоқ па? Ал осыны бүгінгі ұрпаққа біздер қалай жеткізіп отырмыз деген сауалдар сананы әркез мазалайды. Бүгінгі баланың санасы қандай, оған қандай жағынан келіп, тәрбиенің ұшығын қалай себуге болады. Тәрбие біздің жүрегімізде ең алдымен жеке адамға да, қоғамға да пайдалы әдеттердің ұрығын себуі керек. Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлының өзі тәрбиелі-тәртіптің құлы деп айтқан жоқ па? Ұлы Отан соғысының өзі қаншама жастың жүрегіне ұлтжандылықтың нұрын септі. Соғыс әкелген жантүршігерлік кесапат пен қорқыныш, зұлмат пен зобалаңның өзі сол кездегі өскелең ұрпақтың санасына нағыз отансүйгіштік пен нағыз азаматтықтың ұрығын септі емес пе? Ұл-қыздарымыздың нағыз батырлық әрекеттері де осы қан майданда көрінді. Сөнбей жанып тұрған мәңгілік алау соғыста қаза болған жауынгерлер үшін мәңгілік құрмет болса, осыны әрбір жас, ұрпақ, жеткіншек санасымен жете түсініп, осының өзінде ұлтжандылыққа тәрбиеленуі тиіс.

Файзуллина Казна

**10-сынып, Абай атындағы мектеп-гимназия,
Чапаев аулы Батыс Қазақстан облысы
Жетекшісі: Ерментаева А.С.**

Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті
белгілерін де ерекше қадірлеуіміз,
қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын,
елтанбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет.
Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы
Н.Ә.Назарбаев

Егемен ел тірегі-тәуелсіздік!

Туған жерім, ардақты мекенім, Қазақстаным! Осынау шексіз қиыры жоқ
ұлан- байтақ далаң, шалқар көлдерің мен көк майса әсем табиғатың кімге
өмір, бақыт, махаббат сыйламады десеңші... Саған қанша үнілсем де, әлі
күнге сырыңды ұғына алмай келем. Сенің далаңда өзімді бақытты сезініп,
Отанымның ұланы болғанымға қуанамын. Отанның ыстық ықыласы деген
осы шығар... Қазақ даласына қарасаң, көзің жетпейді, кереметтей сәулетіне,
жасыл-желекке оранған әсем табиғатына қарасаң көзің тоймайды, ерекше бір
сезім сені жетелеп, өзіне ынтықтыра түседі. Тереңге бойлаған сан ғасырлық
тарихына көз жүгіртсем, ел тарихы егемен елді әлі де алға жетелеп келеді,
тарих беттеріндегі небір оқиғалар елдің жігерін жанып, алдағы күндерін
айқындайды. Халқымыз тарихын сараптау арқылы тағылымды жақтарын
серік ете отырып, елдің даму жолына мақсаттар қояды, болашаққа жоспарлар
даярлайды. Ал елімізді осындай күнге жеткізген не, қандай күш? Бұл-
тәуелсіздік, азаттықтың сара жолын салудағы талпыныс, қайыспас қайсар
күш. Кемелді Қазақстанның толағай табыстарының бірі- оның
тәуелсіздігі. Тәуелсіздік! Дархан даламның толассыз табыстары осы ұғыммен
ұштасып жатыр. Тәуелсіздік-жарқын күндердің дара жолы, халқымыздың қол
жеткізген асқақ арманы, сан ғасырлық күресінің нәтижесі, егемендігіміздің
тізгіні. Халқымның өмірін өрістетіп, керегесін кеңейткен тарихи
оқиғалардың түп тамыры-оның тәуелсіздігіне жету жолындағы күресінің
нәтижесі. Осы кезге дейін еліміз талай белестерден өтті, талай
қиыншылықтарды еңсерді, күрмеуі қиын мәселелердің шешімін тауып,
еркіндік жолына қадам басты. Осы бір қатпарлы жолды кешіп өтуде өмір мен
өлім сынға түскен сәттер де аз болған жоқ. Бірақ бірлік пен қайсарлықты
айқындар ұлы істер бұл жолды жарқын болашаққа бастап, тәуелсіздік
тұғырына жеткізді.

Бұған дейін Қазақстан Мәскеудің қатаң тәртібіне бағынып, КСРО
ықпалынан шыға алмай, халық ішіндегі мәселені өздігінен шеше алмады. Ел
басына өз тәуелсіздігі, егемендігі жолында күресер сәт туды. 1922 жылы
құрылған КСРО бірте-бірте құрамындағы республикалар алдында өз беделін
жоғалта бастады. Отарлық езгі, біртұтас өктем билік, өзара шешімін таппаған
мәселелер осыған себеп болды. Кейін әр республика одақтың құрамынан

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

шығу туралы тілектерін білдіріп, өз құқықтарын талап етті, ұлттық құндылықтарын, тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтап қалуға, жаңғыртуға бекінді. Бұл жолда туындаған ірі қозғалыстың бірі-1986 жылғы қозғалыс. Үкімет тарапынан орын алған қысымға төзбеген қазақ жастары ереуілге шығып, қазақ басшысының қазақ болғанын талап етіп, бірқатар талаптарды орындауды талап етті. Қайыспаған қазақ жастары алдында қиын сәттің тұрғанын біле тұра, ел мүддесі жолына бар күштерін сарп етіп, батыл қадамдарын жасады. Желтоқсан оқиғасы-қазақ тарихындағы даму сатысының ілгері жылжыған тұсына, тәуелсіздік жолындағы нық қадамдарының біріне айналды. Қазақстанның 1990 жылы 25 қазанда мемлекеттік егемендігінің жариялануы да аса маңызды тарихи оқиғаның бірі болды. Егемендік-Қазақстанның ұзақ жылдар бойғы ғұмырының, табысты сәтінің, жемісті еңбегінің көрінісі еді.

1991 жыл жаңашыл жаңалықтарға толы жыл болды. Бұл жылдағы ірі оқиғаның бірі-КСРО-ның ыдырауы болатын. Одақтас республикалардың, Қазақстанның ендігі алдағы мақсаты-өз тәуелсіздіктерін жариялау. Қазақстан ұзақ уақыт бойы Ресейдің құрамында болып, егемен ел, тәуелсіз мемлекет болуды аңсады. 1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз тәуелсіздігін жариялап, көптен асыға күткен арманына қол жеткізді. Бұл күн халқымыз үшін үлкен мерекеге айналып, ұлы мақсаттарының орындалған сәті болды. Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жеткізуі жолында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қосқан үлесі өте зор. Елбасының көреген саясаты, ұтымды бағыты, ұлағатты істері негізінде Қазақстан дамудың жаңа сатысына көтеріліп, жаңашыл өмірге қадам басты.

Қазақстан-көпұлтты, бірлігі мен ынтымағы жарасқан тәуелсіз мемлекет. Ел егемендігі тәуелсіз мемлекеттің асқақ арманын, биік мақсатын, кемелді болашағын қалауда. Ұшы-қиыры жоқ кең дала төсінде орын тепкен Қазақстан күн сайын гүлденіп, өсіп-өркендеуде. Міне, жылдар өтіп біз тұғырлы тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейлі жылдығына да қол жеткіздік. Бұл жылдар төңірегінде еліміз қаңша ауыр да, қыспағы басым кезеңдерді басынан өткеруге тура келді десеңші... Бүгінде Қазақстанымыз өркендеп, жаңа белестерді бағындырып, сәт сайын гүлденуде, халқымыз ашық аспан астында, бір шаңырақта берекелі де мерекелі ғұмыр кешуде.

Тәуелсіздік-ел ертеңі, тарих пен өмір сабақтастығы, асқақ армандар мен ұлы мақсаттар тоғысқан киелі ұғым, көпжылдық тарих. Жарқын да бейбіт өмір негізін қалаған, ел тыныштығын қалыптастырған тәуелсіздігіміз-қол жеткізген табысты жетістіктеріміздің бірі. Осындай егемен, жасампаз, бейбіт елде өмір сүріп жатқанымды мақтан етемін. Отанымызды қадірлеп, туған даланың қадірін ұғыну, табиғатын аялау -біздің парызымыз. Тәрбиелі де, білімді, өнегелі жастары, тату халқы, ардақты көшбасшысы барда, Қазақ елі өркендеп, әлі талай биік белестерді бағындырады сөзсіз. Ұлы жолды бастаған Елбасымыз, халқымыз аман, тұғырлы тәуелсіздігіміз баянды болғай!

Хайреденова Зарина
8-сынып, №8 Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған облыстық мектеп, БҚО, Орал қ.,
Жетекші: Джумашева Гайша Мутиевна

Тарих - тағылым -Тәуелсіздік

«Ата – бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық.
Ендігі мәселе соны ертеңге жеткізу. Келесі ұрпаққа,
болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау
Н.Ә. Назарбаев

Еліміз үлкен мереке қарсаңында. Ол - қазақ халқының ғасырлар бойы арман болған Тәуелсіздік мерекесі. Қазақ елінің бүкіл тарихында тәуелсіздік үшін күрес ешқашан ұмытылған емес.

Менің түйгенім - ерте кезеңдерде қытай және қалмақ басқыншыларына қарсы күрестер, ата –бабаларымыздың ерлік істері ертегілеріміз бен аңыздарымызға, әдеби шығармаларымызға арқауы болып келген. Жуықта ғана шыққан «Жаужүрек мың бала» атты көркем фильмінде қазақ жастарының ел бостандығы үшін жан аямайтын күресінің бір бейнесі ғана көрсетіледі.

Біздің Батыс Қазақстан өңірінде орын алған Сырым Датов, Исатай, Махамбет батырлар бастаған көтерілістер туралы өз оқулықтарымыздан, әдеби шығармалардан оқып білдім.

Әсіресе, көтеріліс басшысы - Исатай мен оның жолдасы ақын Махамбет туралы біздің Жаңақала ауданының жеріндегі «Тастөбе шайқасы» жөнінде облыстық газетте көп жарияланып жүр. Жақында Ақжайық телеарнасынан осыған арналған қойылымды көрдім.

Ата –бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы өнегелі істері көп.

Солардың бірі 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жалпы Кеңес халқының, соның ішінде қазақ жауынгерлерінің патриоттық ерліктері, тылдағы елдің балалардан бастап, еңкейген қарияларға дейінгі бейбіт еңбегінің нәтижелі белгісі.

Біздің аталарымыз неміс-фашист басқыншыларынан елімізді қорғап қалды, көбісі қан майданда қаза тауып, елге оралмады.

Сол соғыста Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова апаларымыз ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар өз өмірлерін ел тәуелсіздігі үшін құрбан етті.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Ертең тойлағалы отырған мерекеміздің орны ерекше. Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл.

1996 жылы 16 желтоқсанда, сол кездегі астанамыз -Алматыда, қазақ жастары Ресейдің жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы шықты. Содан бері өзіміз сайлаған тұңғыш президентіміз –Назарбаевтың бастауымен үлкен табыстарға қол жеткізіп келеміз. Алдымен, шекараларымызды нығайттық. Ғасырлар бойына талай қырғын соғыстың себебі болған жерлерімізді көрші Қытай, Ресей елдерімен бейбіт келісімге отыру арқылы шештік. Өзіміздің елтаңбамызды, жалауымызды белгіледік. Әнұранымыз бар. Оның сөзін жазуға Н.Ә. Назарбаевтың өзі ат салысқан.

Тәуелсіздігіміздің арқасында, қысқа мерзімде жаңа бас қаламыз-Астананы салдық. Астанада бір миллионға жуық адам тұрады. Құрылысының кеңдігі, көркемділігі дүниежүзін таңқалдырады. Бұнда «Президент үйі», «Бәйтерек», «Ханшатыр» сияқты сәулетті үйлер көп салынып, аз уақыт ішінде бүкіл дүниежүзіне танымал болды. Себебі, мұнда бүкіл дүниежүзінің ғалымдары, саясаткерлері, үкімет басшылары талай рет жиналып, ауқымды мәселелерді талқылайды.

Біздің Республикамызда 130 ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Басқа елдердей бір де бір ұлт наразылығы болған жоқ. Бұл тәжірибемізден барлық елдер үлгі алады. Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен 2030-шы жылға дейінгі істеріміз жоспарлы түрде жүзеге асуда.

Біздер атом қаруынан бас тарттық және дүниежүзіне соны үлгі еттік.

Мен оқитын мектепте сабақ қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүреді. Өзім орысша оқимын, бірақ ана тілім – қазақ тілін бірінші кезекке қоямын. Бізде көптеген өзге ұлттар мемлекеттік тілде сөйлейді және оны құрмет тұтады.

Тәуелсіздігіміздің басты жетістігі- ана тіліміздің дәрежесі көтеріліп, мазмұны жетілді. Қаламызда бұрынғыдай емес, мекемелерде, дүкендер атауы, жарнамалар қазақша жазылады. Қазақ драма театры ашылды . Онда қазақша концертте, драмалар қойылады.

Тәуелсіздіктің арқасында қаламыздың көшелеріне белгілі қазақ адамдарының есімдері берілді. Жоғары оқу орындарына Махамбеттің, Жәңгірханның есімдері берілді.

«Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» бабаларымыз алып берген ел мұрасын болашақта біз де көздің қарашығындай сақтап, өркендетуіміз керек. Мен осыны жақсы сезінемін. Ол менің болашақ өмірімнің өзегі болатынына сенемін. Тәуелсіз Елім мәңгі жасасын!